

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ /
PHILOLOGICAL SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2023-2-106-113

ӘОЖ 81. 373

ҒТАМА 10.02.19

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Абдуова Б.С.^{1*}, Асанова Ұ.О.¹, Төлешева Г.Қ.²

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан Республикасы*

b

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Петропавл, Қазақстан Республикасы*

a

Аннотация

Бұл мақалада орыс тілді топтардың қазақ тілін заманауи технологияның тиімді бағдарламаларын пайдалана отырып үйрену, жаңаша әдістермен тілді меңгеру жолдары жайында сөз болады. Білім берудегі инновация сөзінің астарында оқып-үйрету кезінде тілді тез меңгеру үшін ұтымды әдіс-тәсілдерді мақсатты түрде пайдалану деген ұғым түсіндіріледі. Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс түрлері студенттердің ауызекі сөйлеу тілін дамытуға, ой-өрісі мен дүниетанымын жетілдіруге, алған теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалана білуге деген қызығушылықтарын арттырады. Білімді бағалауда түрлі тәсілдерді қолданып, шынайы баға қою қажет. Білім алушылардың қажеттілігін ескере отырып, үздік платформаларды қолдану, біріншіден, оқытушы мен білім алушының арасындағы қарым-қатынас әрекетіндегі диалогтық оқыту жүйесінен туындайды.

Кілт сөздер: қазақ тілін оқыту, интерактивті әдістер, ақпараттық технологиялар, қатысым әрекеттерін дамыту.

КАЧЕСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ МЕТОДИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ
В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКУ

Абдуова Б.С.^{1*}, Асанова У.О.¹, Тулешева Г.Қ.²

^{1}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан*

**E-mail: bayan1968@mail.ru*

*²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева,
Петропавловск, Республика Казахстан*

Аннотация

В этой статье рассматриваются новые методы обучения казахского языка в русскоязычных аудиториях по современной технологии. Инновационность учебной работы заключается в целенаправленном внедрении в образовательный процесс новых технологий, способствующих эффективному обучению. Правильно организованные виды работ развивают языковые навыки студентов, способствуют улучшению их творческого мышления и мировоззрения и повышают степень заинтересованности в применении теоретических знаний на практике. Тем не менее, используя и варьируя различные подходы, знания учащихся должны быть оценены правильно. Интерактивное обучение - это диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие преподавателя и обучаемого.

Ключевые слова: обучения казахского языка, интерактивные методы, информационные технологии, развивать языковые компетенции.

QUALITATIVE INDICATORS OF METHODOLOGICAL TECHNOLOGIES IN LANGUAGE TEACHING

Abduova B.S.^{1*}, Asanova U.O.¹, Tulesheva G.K.²

^{1*}*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan*

**E-mail: bayan1968@mail.ru*

²*North Kazakhstan University named after M. Kozybayev,
Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan*

Abstract

This article explores new methods of learning the Kazakh language in Russian-speaking audience by the credit technology. Innovation of this educational work is in the purposeful introduction in educational process of new technologies contributing to effective learning. Correctly arranged types of work develop the speech skills of the students, promote to improve their creative thinking and worldview and arise the degree of learners' interest to use the theoretical knowledge in practice. However, using different approaches in teaching, the knowledge of learners are to be evaluated faithfully. Interactive training is primarily a dialog training, during which the interaction between a teacher and a student takes place.

Keywords: learning the Kazakh language, interactive methods, information technology, developing linguistic competence.


Кіріспе

Білім беру саласында сабақ өткізу әдісі үнемі өзгерістерді талап ететіндіктен, әдістер жыл сайын жаңарып, заман талабына сай ауқымын күшейтуде. Заманауи жүйелер ХХІ ғасырда белсенді қарқынмен дами бастады. Әсіресе оған қашықтан оқыту барысын айқын мысал ретінде келтіруге болады. 2020 жылы бүкіл әлемді қамтыған вирустың әсерінен білім саласы күрт өзгерістерге тап болды. Білім беру жүйесінде онлайн платформалар мен заманауи жүйелердің енгізілуі оған дәлел бола алады. Орта мектепті аяқтап, жоғары оқу орнына түсуге ниет еткен кез келген жастың қазақ тілін меңгергені абзал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі саналатын ҚАЗТЕСТ әдістемесінде: «Тіл үйренуші сол тілде естігенін немесе тыңдағанын түсіну үшін сөздік қордың қалыптасқандығын, тілдік құрылымдарды түсініп, ажырата білу дағдысының қалыптасқандығын, естіген немесе тыңдаған ақпараттың жалпы мазмұнын түсіну үшін ондағы әрбір сөйлем элементтерінің орны мен мағынасын түсіну қабілеттерін қажет етеді. Оқып түсінгенін, сол тілде жаза білу қабілетінің және дұрыс сөйлей білу мүмкіндіктерінің талаптары да тілдік дағдылардың қалыптасуы арқылы жүзеге асады. Сонымен, тілді меңгеру үшін сөз және сөз тіркестерінің минимальды қоры қалыптасуы керек, тілдің грамматикалық бірліктері арқылы әрбір сөйлемді дұрыс құрастыра білу мүмкіндігі қалыптасуы қажет»[1] деп нақтылап өткеніндей, жоғары оқу орындарында білім алушы жастардың базалық тілдік дағдысы болуы шарт.

Жоғары оқу орындарында оқитын білім алушылардың практикалық сабақтарында болсын, өздік жұмыс тапсырмаларын орындау барысында болсын, тіпті өз бетінше тіл меңгеру әрекетінде болсын бұлар өте жақсы көмек қана емес, ыңғайлы жүйе, заманауи әдістер деп саналады. Заманауи интерактивті әдістерді пайдаланудың тиімділігін ғалымдар былайша бағамдайды: «Интерактивные технологии основаны на активном взаимодействии учащегося с преподавателем и другими учащимися. Главная цель интерактивных технологий – развивать критическое мышление учащихся как конструктивную интеллектуальную деятельность, предложить осмысленное восприятия информации и последующее ее усвоение» [2,268].

Бұл платформалар өзге тілді студенттердің қазақ тілін оңтайлы меңгеруіне де септігін тигізуде. Өзіміздің тәжірибеден түйе отырып мысалға алсақ, соңғы кездегі интербелсенді жүйелердің арасында ең үздіктері – Canva, Socrative, ZipGrade, Quizlet, т.б. Бұл платформалар сабақ өткізуге көптеген ыңғайлы, қызықты, заманауи әрі қолжетімді қосымшалары арқылы студенттердің тіл үйрену тәжірибесіне жақсы әсер етеді. Зерттеушілердің айтуынша, қазіргі ақпараттық технологияны қолданған кезде тұлғаның тілдік ойлау қабілетін мүмкіндігінше дамиды. Ауқымды ақпаратты есте ұзақ сақтайды. Сондай-ақ, әңгімелесушімен қарым-қатынасты оңай сабақтастырып, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға оң әсер алады [3,203].

Жаңаша оқыту технологияларын пайдалану кезінде оқытылатын пәнге деген қызығушылық арта түседі. Электронды түрде қосымша білім алудың және сабақты түрлендірудің ерекшелігі – тапсырмалар білім мекемесі қолданатын электрондық платформаға байланысты түрленіп отыратындығында. Солардың ең үздіктері деп санауға болатын біразына қысқаша тоқтала кетейік.



Сурет 1.

– онлайн қызмет желісі, онда әлеуметтік суреттерден бастап, графикалық дизайн элементтеріне дейін жасауға болады. 2012 жылы Австралияда негізі қаланған бұл редактордың басты артықшылығы – оның қарапайымдылығы. Сурет өнеріне ебі жоқтардың өзі пайдалана алатындай етіп құрастырылған. Алдын ала дайындық пен графикалық тәжірибені қажет етпейтін Canva редакторымен жұмыс істеу қолдану-шыларға өте пайдалы. Сонымен қатар, бұл бағдарлама материалды қалай дұрыс жобалау керектігіне емес, тақырыпты зерттеуге тікелей назар аударуға мүмкіндік береді. Canva редакторының көмегімен қызықты визуалды мазмұн жасауға, кәсіби дизайнерлер жасаған шаблондармен үнемі жұмыс істеуге, көп уақыт жұмсамай-ақ материалдарды дайындауға мүмкіндік алады. Макеттерді автоматты түрде баптау құралдары визуалды сауаттылықты дамытуға көмектеседі.

Біз өзіміздің сабақтарымызда бұл жүйені өте жиі қолданамыз. Себебі 15-20 минут ішінде қажет презентацияны жасап бітіруге болады. Тек презентация ғана емес, электронды кластерлер, инфографика, логотип және де т.б. көптеген жобаларды аз уақыт ішінде жасауға болады. Бұл бағдарламаның артықшылықтарына жинаған материал, фото, видеоларды жобаға қосуға, сонымен қатар YouTube сияқты желілерден тікелей сілтемелер қоюға болады. Фотода көрсетілгендей, дайын презентацияның дизайндарын ауыстырып, өзіңе ұнайтындай етіп ыңғайын келтіруге болады.



Сурет 2-3.

Мысалы, осындай екі дайын үлгіні алдық дейік. Осы суреттерді Canva редакторлық дизайнын қолдана отырып, түрлі реңкте, боялары өз қалауыңыздай, сөздерді көлемі жағынан да, сан жағынан да көбейтіп, не азайтып, өз нұсқаңызды жасауыңызға болады. Бағдарламаның ішіндегі көп функциялар тегін. Сондықтан ол көпшілікке қолжетімді.

Socrative бағдарламасы – бұл жылдам викториналар, сауалнамалар мен тестер жасауға мүмкіндік беретін тегін қызмет желісі. Socrative нақты уақыт режимінде тестілеу нәтижелерін жылдам көруге және бүкіл топтың ғана емес, сонымен қатар әрбір студенттің үлгерімін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны қолданған кезде бір уақытта 50 адамға дейін сынақтан өтуге болады. Артықшылықтарын айтар болсақ, мұнда мобильді құрылғылардың қосымшаларын пайдалануы және білім алушылардың тіркелуі қажет емес, онда тіркелу және сайтқа кіру арқылы оқытушының қолданып отырған тегіні пайдаланып, кез келген адам бірегей код пен сайтқа қосыла алады. Сондай-ақ бұл бағдарламада 3 сынақ режимі бар.

1. Instnt Feedback – студенттер реттелген сұрақтар бойынша жауаптарды тандайды, жауапты өзгертуге құқығы жоқ, тіпті кейінге қалдырып, сұрақты уақытша өткізіп жібереді.

2. Open Navigation – студенттер сұрақтың реттік қатарын сақтамай жауап беруге және жауаптарын өзгертуге мүмкіндіктері бар. Дегенмен оқытушы тест аяқталмай тұрып студенттің қалай жауап бергенін көре алады.

eg Paced – оқытушы келесі сұрақты тандайды және сұрақты өткізіп жіберуге немесе қайталауға құқылы.

Тестілеу кезінде оқытушы нақты уақыт режимінде тестің өту барысын бақылай алады: кестеде ол әртүрлі сұрақтарға кім және қалай жауап бергенін белгілейді. Ғалым Н.Л. Федотованың пікірінше, «Тестілеуді сөйлеу дағдыларын қаншалықты меңгергенін, тілдік құзыреттілік деңгейін анықтаудың ең тиімді құралдарының бірі дей аламыз, өйткені бұл бақылаудың ең объективті және оңтайлы әдісі. Тест нәтижелері оқу жоспарлары мен бағдарламаларды түзету және жақсарту үшін де қолданылады, бұл жалпы білім алушылардың тілді сапалы оқып, түсінуіне көмектеседі» [4, 120].

Бұл ойға қосымша біз тестілеудің дұрыс құрастырылған дистракторлары білім алушыларды ойлануға, қорытынды жасай білуге үйрететінін айтқымыз келеді. Сонымен қатар тестілеу аяқталғаннан кейін оқытушы нәтижелерді Google Drive-қа сақтай алады, оларды пошта арқылы жібере алады, нәтижелерді көрсете алады. Socrative – техникалық кемшіліктері жоқ, пайдалануға оңай және жылдам меңгерілетін сервис деуге болады. Бұл керемет қосымшаны күнделікті сабақ уақытында жиі қолдану жақсы жетістіктерге апарады.

ZipGrade мобильді бағдарламасы оқытушыларға арналған. Қосымшаны «Play market» пен «App Store» қызметінен жүктеуге болады, оның тегін және ақылы түрлері бар. Бұл бағдарлама тестілеу нәтижелерін тексеру үшін жасалған. Zipgrade қосымшасы

мұғалімнің тестерді тексеру жұмысын едәуір жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік береді.



Name		Date		Period	
1	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	11	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
2	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	12	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
3	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	13	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
4	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	14	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
5	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	15	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
6	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	16	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
7	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	17	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
8	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	18	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
9	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	19	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		
10	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E	20	☐ A ☐ B ☐ C ☐ D ☐ E		

Test Version: ☐ A ☐ B ☐ C ☐ D

Get this form and more at: [ZipGrade.com](https://www.zipgrade.com)

Сурет 4.

Бұл қосымшаны пайдалану үшін жауап нұсқалары бар тест қажет (ол басып шығарылуы немесе экранда орналастырылуы керек), таңдау мүмкіндігі бар жауаптар тізімі (a, b, c, d, e) және смартфон қажет болады. Бұл қосымша жауаптарды сканерлеуге және нәтижені бірден көруге мүмкіндік береді. Тексеру нәтижелерін сақтау автоматты түрде жүреді. Тексеру аяқталғаннан кейін тест парағына оралып, Review Papers бөлігіне өтіп, әр студенттің нәтижелерін көруге болады [5]. Біз өз сабағымызда бұл сервистің ұтымды нұсқаларын қолданып, білім алушылардың алған нәтижелерін нақты бағалауға қол жеткізіп жүрміз.

Көптеген цифрлық платформалардың арасында тағы бір ерекшесі деп *Wordwall платформасын* айтуға болады. Платформа – интерактивті сабақты түрліше құруға арналған көп функциялы құрал. Дегенмен тапсырмаларды басып шығаруға да болады. Платформада 33-ке дейін интерактивті үлгілер және 21-ге дейін басып шығарылатын үлгілер бар, олардың саны таңдалған тарифтік жоспарға байланысты. Бұл қызмет «Жұпты табу» сияқты қарапайым интерактивті тапсырмаларды ғана емес, сонымен қатар бірнеше сұрақтары бар викториналарды құруға да зор мүмкіндік жасайды.

Өзіміз таңдаған дайын шаблондарда ағылшынша да, орыс тілінде де нұсқалар бар. Оның арасынан өз сабағыңыздың мақсатына, мәтін мазмұнына қарай іріктеу қиын емес. Интерактивті жаттығуларды кез келген құрылғыда орындауға болады: компьютерде, планшетте, телефонда немесе интерактивті тактада. Бұл ресурсты таңдаудағы маңызды фактор лексикалық, грамматикалық, ауызекі сөйлеу, фонетикалық дағдыларды қалыптастыруда нақты дидактикалық бағыт болды. Wordwall платформасында жеке сауалнаманы да ұйымдастырып, топтық сайыс секілді жұмыс түрлерін ұсынуда өте ыңғайлы деп есептейміз. Себебі оның ең қолайлы тұсы – жасалып жатқан ойындардың иллюстрациялық сипатта болу мүмкіндігі дер едік. Бұл туралы ғалым Н.Д. Гальскова мынадай тұжырым жасайды: «Мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетінде өзге тілде білім алып жатқан студенттер үшін оқу үдерісін ұйымдастыруына ерекше мән беруі керек. Себебі

оқу мазмұнына қойылатын заманауи талаптар тұрғысынан да, студенттердің жекелей қабілеті жағынан да тілді меңгерудің онтайлы нұсқасын қарастыруы абзал. Қазіргі білім жүйесінің заңдылықтарын ескере отырып жоспарлау арқылы болашақтағы сенімді маман даярлаудың салмағын сезіндірткен жөн. Ұстаз өзіндегі оқу материалдарын, соның ішінде компьютерлік бағдарламаларды, олардың көзқарасы бойынша оқытудың мақсаттары мен шарттарына барынша сәйкес келетінін талдай білуі керек.

Сондай-ақ мұғалімнің оқыту материалдары оқу орнының қабылдаған бағдарламасына бейімдей отырып таңдауы, жағдаяттарға қатысты талдау және әдістемелік тұрғыдан түсіндіру қабілеті де өзекті бола бермек. Бұған білім алушылардың сабақта шығармашылық қабілеті, интерактивті жұмыс түрлерімен айналысуы да жемісін береді [6, 119]. Білім алушылардың білім деңгейіне сәйкес түрлі интерактивті ойындарды ұйымдастыру тіл үйретушінің шеберлігіне байланысты екендігі анық. Мысал ретінде «Қоғам және жастар» деп аталатын тақырыпты өту барысындағы мына бір тапсырмаға назар аударайық:

«Саясаттанушы Айдос Сарым: Осыдан 10-15 жыл бұрын жүргізілген әлеуметтік зерттеулерге сүйенсек, сол кезде студенттер бизнесмен, банк қызметкері, зангер боламын, кәсіп үйренемін деп ұмтылатын. Өкінішке қарай, бүгінгі студенттердің 60-70 пайызы шенеунік, прокурор, судья болуға тырысады. Яғни, бүгінгі қоғамда ең оңай ақша жасаудың жолы – ол мемлекеттік қызметке бару. Жемқорлық арқылы ақша тауып, бедел жинауға деген құштарлық бар. Әрине, әрбір адам дүниеге кедей болайын деп келмейді. Жетістікке жетуге ынтық болады. Бірақ басым көпшіліктің осындай жеңіл, заңсыз жол іздеуі бүгінгі қазақ қоғамында үлкен қауіптің бар екенін, мәдени құндылықтардың төмендегенін көрсетеді. ХХІ ғасыр қазақ қауымы, әсіресе, қазақ жастары үшін ар-ұяттың заманы болуын калар едім».

Үзінді ретінде алынған осы шағын мәтінді студенттерге ұсына отырып, мынадай тапсырма берейік.


Мәтінде берілген сөз тіркестерінің мағынасын сәйкестендіріңіз.

1. Кәсіп үйрену	А. адамдық, парасат, намыс кезеңі
2. Бедел жинау	Ә. жұртшылық, ел, ұлттық орта
3. Дүниеге келу	Б. іске икемділік, жұмыс істеу
4. Ынтық болу	В. оңай, жылдам жетістікке ұмтылу
5. Жеңіл жол	Г. абыройлы болу
6. Қазақ қауымы	Д. туылу, жарыққа шығу, пайда болу
7. Ар-ұяттың заманы	Е. Бір нәрсеге құмарту

Берілген тапсырманы Wordwall платформасындағы «сәйкесін табыңыз» деп аталатын бағдарламаға салып тексеруге болады. Егер білім алушы сәйкестік бойынша қателессе, онда ұяшықтағы сөздер қатарласып тұруға «көнбейді», қызыл түспен белгі береді. Ал дұрыс сәйкестендірілсе, онда жасыл түске ие болып, қатарласып орналасады. Осындай үлгілерге қарай отырып, студенттер қатемен жұмыс жасағаннан бөлек, дұрыс нұсқаны есте сақтау дағдысын да қалыптастырады.

Студенттердің білім деңгейін анықтау барысында жүргізілетін жұмыстың тағы бір түрі – *Quizizz бағдарламасы*. Бұл бағдарлама жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың бір мысалы деуге болады. Quizizz – викториналар мен тестер жасауға арналған салыстырмалы түрде жаңа білім беру бағдарламасы. Бұл сайтқа тіркелу оңай, жүйеге кіру үшін Google есептік жазбасы болса жеткілікті. Оны пайдалану арқылы оқу

процесіне қызығушылықты арттыру, ойындар мен викториналар өткізу, жарыстар ұйымдастыру, тестер өткізу, үй тапсырмасын орындау, нәтижелерді бақылауға болады. Бұл платформа қолданушылармен автоматты түрде кері байланысты қамтамасыз етеді. Себебі ол студенттерді іс-әрекет жасау үшін ынталандырады, ал студенттер жаңа нәрселерді меңгергенді ұнатады. Оқуға қызығушылықтары бар және белгілі бір жетістікке жету үшін жағдайлар жасайтын Quizizz платформасының берері мол.



Сурет 5.

Сабақ барысында осындай жаңаша технологиялық мүмкіндіктерді қолдана отырып, тіл үйрету әдістерін үнемі жетілдіріп отырған жөн. Себебі бұлар арқылы студенттер өтілмек мәтінді жақсы түсініп, сөйлеу дағдыларына бейімделеді. «Естіп-байқау құралдарын қолданудың ауызекі сөйлеуге үйретудегі рөлі өте зор:

- сөйлеу жағдаятында тілді тұтынушылардың (носители языка) қалай сөйлегенін, сөйлеу мәнерін тыңдауға және көруге мүмкіндік береді;
- бейне көріністермен жұмыс істеу тек қана есту мүмкіндігін қажет етпейді, сонымен бірге көзбен байқау түсінігін де дамытады;
- сөйлеу жағдаятының көрнекілігі және телеэкранда бейнеленген қозғалыс үйренушінің ойлау қызметіне себепші болады;
- бейне көріністер арқылы жаңа сөздерді, лексиканы ұғынуға және синонимдік қатарларды кеңейтуге, қабылдауға көмектеседі [7, 158] дегендей аудио, бейне, иллюстративті материалдардың барлығы да сабақтың қызықты, танымды, мазмұнды болуына үлкен ықпал етеді.

Қорытынды

Мақаламызда көрсетілген оқытушының белсенді әдістерді жүйелі және мақсатты түрде пайдалануы тіл үйренушілерге жоспарланған мақсаттарына жетуді қамтамасыз етеді. Біздің оқу үдерісімізде үздік платформалар мен технологияларды пайдаланудың мынадай тиімділігін атап көрсете аламыз:

- студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне көп мүмкіндік беріледі;
 - студенттердің және оқытушылардың уақытын үнемдейді;
 - студенттердің білімін тест тапсырмалары арқылы тексеруде де өте тиімді;
- жекелей, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыруда тіл меңгеруді оңтайландырады;

- өзінің білім деңгейін тексеруіне, кателескен тұстарын дұрыстауға мүмкіндіктер қарастырылады;

- студенттің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сабақта жаңа компьютерлік технологияларды, атап айтқанда қазіргі заманауи электронды білім беру платформаларына арналған үздік қосымшаларды қолдану білім алушылардың танымдық және қызықты мазмұндық қажеттіліктерін қолжетімді түрде пайдалануға мүмкіндік береді, оқытылатын пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға көмектеседі деп ойлаймыз.

Бүгінде мемлекеттік тілді меңгеру талабы кең тараған. Орыс тілді топтар үшін қазақ тілін заманауи технологияның тиімді бағдарламаларын пайдалана отырып, оқытқан жөн. Тіл үйренуге ниеттілердің тілегін орындап, оқып-үйрену әдістерін жетілдіріп отыру маңызды. Білімді бағалауда түрлі тәсілдерді қолданып, шынайы баға қою қажет. Білім алушылардың қажеттілігіне орай үздік платформаларды қолдану, ең алдымен, оқытушы мен білім алушылардың өзара бірлескен әрекеттегі диалогтық оқыту жүйесінен туындайды.

Әдебиет:

1. ҚАЗТЕСТ. Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалай жүйесі. <http://kazakhtest.kz/kz/metodika/oku>.
2. Капитонова Т.И., Московкин Л.В., Шукин А.Н. Методы и технологии обучения русскому языку как иностранному. – М.: Русский язык. Курсы, 2009. – 312 с.
3. Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашикбаева Б.Г. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдіс темесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы, 2012. – 400 б.
4. Федотова Н.Л. Методика преподавания русского языка как иностранного. – Санкт-Петербург, 2016. – 190 с.
5. Корзун О.Ф., Острейко С.В. Использование приложения ZipGrade для оценивания знаний студентов и учащихся. – Минск, 2021.
6. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – М., 2000. – 155 с.
7. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Мұрагер» баспа үйі, 2005. – 176 б.

References:

1. QAZTEST. Kazak tilin mengeru degejin baralaj zhyjesi. <http://kazakhtest.kz/kz/metodika/oku>.
2. Kapitonova T.I., Moskovkin L.V., Shukin A.N. Metody i tekhnologii obucheniya russkomu yazyku kak inostrannomu. – M.: Russkij yazyk. Kursy, 2009. – 312 s.
3. Qadasheva K., Asanova U.O., Ashikbaeva B.G. Kazak tilin tuys til retinde okytu edis temesi (tyrki tilderinde seylejtinder yshin). – Almaty, 2012. – 400 b.
4. Fedotova N.L. Metodika преподавания русского языка как иностранного. – Sankt-Perterburg, 2016. – 190 s.
5. Korsun O.F., Ostreyko S.V. Ispol'zovanie prilozheniya ZipGrade dlya otsenivaniya znaniy studentov i uchashixsya. – Minsk, 2021.
6. Galskova N.D. Sovremennaya metodika obucheniya inostrannym yazykam. – M., 2000. – 155 s.
7. Qadasheva K. Kazak tilin okytu edistemesi. – Almaty: «Myrager» baspa yji, 2005. – 176 b.